

**Халықаралық ұшуларды орындау үшін Қазақстан Республикасының әуесайлақтарын ашу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 442-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2146. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 651 Бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 651 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі  
2002 жылғы 27 қараша

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау  
агенттігінің төрағасы  
2002 жылғы 18 қараша

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі,  
генерал-полковник  
2002 жылғы 23 желтоқсан

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
төрағасының орынбасары,  
Шекара қызметінің директоры,  
генерал-лейтенант  
2002 жылғы 28 қараша

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 ақпандағы N 285 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ереженің 43-тармағын орындау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық ұшуларды орындау үшін Қазақстан Республикасының әуеайлақтарын ашу ережесі бекітілсін.

2. Азаматтық авиация комитеті (Б.А.Омаров) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-министр Н.З. Нығматулинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к            ж әне            к о м м у н и к а ц и я л а р

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 2            ж ылғы            2 7            ж е л т о қ с а н д а ғы

№    4 4 2 - I            б ұ й р ы ғы м е н

бекітілген

## **Халықаралық ұшуларды орындау үшін Қазақстан Республикасының әуеайлақтарын ашу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықаралық ұшуларды орындау үшін Қазақстан Республикасының әуеайлақтарын ашу ережесі (бұдан әрі - Ереже) халықаралық ұшуларды орындау үшін азаматтық авиация әуеайлақтарын ашу тәртібін және халықаралық ұшуларға қызмет көрсетуге арналған әуеайлақтарға, аэровокзалдарға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Ережеде пайдаланатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) бақыланатын аймақ - әуежайдың, әуеайлақтың жұмыс алаңы және оларға жанасқан аумақ, кіруі бақыланатын қызметтік ғимараттар, құрылыстар, қоймалар ;

2) таза аймақ - жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді, қол жүгін бірінші тексеру, қарау пункті мен әуе кемесінің арасындағы оларға кіруі қатаң бақыланатын аймақтың бөлігі;

3) жалпы тексеру аймағы - авиациялық қауіпсіздік қызметінің тексеру аймағы және кедендік бақылау аймағы;

4) шекаралық бақылау - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекаралық бақылау бөлімшесі:

Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету

құқығын беретін құжаттарды тексеруді;  
көлік құралдарын, жүктерді және басқа мүлікті тексеруді;  
көлік құралдарын қадағалау және олармен ілесіп жүруді;  
Қазақстан Республикасына келуге жолы жабық адамдарды бақылауды қоса  
жүргізетін іс-шаралар кешені.

Шекаралық бақылау жедел және режимдік шаралармен үйлесімде жүзеге асырылады.

5) транзит жолаушы - аралық әуежайға келіп қонған, халықаралық әуе тасымалы шартына сәйкес әрі қарай сол рейспен тасымалданатын жолаушы;

6) трансфер жолаушы - халықаралық әуе тасымалы шартына сәйкес трансФерт пунктіне бір рейспен жеткізіліп, әрі қарай сол немесе өзге тасымалдаушының басқа рейсімен тасымалданатын жолаушы;

7) әуеайлақ минимумы - осы әуеайлақта осы үлгідегі әуе кемесімен ұшу және қону рұқсат етілетін ұшу-қону жолағындағы көрудің минималды мүмкін мәні және бұлттың төменгі шегінің биіктігі (немесе шешім қабылдау биіктігі);

8) аэровокзал - тіркеу тексеру, авиарейстер бойынша жинақтау мен толықтыру кезінде жолаушыларға қызмет көрсетуге, кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыруға арналған құрылыс кешені;

9) техникалық-пайдаланымдық тексеру - объектілердің, құрылыстардың, жабдықтардың және әуежай қызметтерінің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін тексеру;

10) амалсыздан қону - ұшу жоспарына сәйкес ұшуды орындау мүмкін болмаған себептерден әуеайлаққа немесе әуеайлақтан тыс жерге қону;

11) қосалқы әуеайлақ - егер көзделген әуеайлаққа дейін жету немесе оған қону мүмкін болмаған немесе мақсатқа сай келмеген жағдайда әуе кемесі баратын әуеайлақ;

12) уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын азаматтық және эксперименталдық авиацияның қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы;

13) санитарлық-карантиндік бақылау - әуежай кемелерінде және әуежайда карантиндік, ерекше қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың әкелінуі мен жайылуының алдын алу жөніндегі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық комитетінің органдары жүргізетін іс-шаралар кешені;

14) зона пограничного контроля - часть стерильной зоны между зоной таможенного контроля и воздушным судном, доступ в которую проводится по согласованию с Пограничной службой Комитета национальной безопасности

## **2. Халықаралық ұшулар үшін ашылған кезде әуеайлақтарға қойылатын талаптар**

3. Әуеайлақтарда халықаралық ұшулар үшін ашылған кезде мыналар болуы тиіс:

1) бірінші сыныптан төмен емес әуе кемелерін қабылдауға және оларға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін жасанды ұшып-қону жолағы, рулеж жолдары, перрон, тұрақ орындары мен басқа жабдықтар;

2) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) ұсынған тәжірибесімен және стандарттарымен белгіленген үш санаттың (I, II, III) біреуі бойынша әуеайлақтың минимумын қамтамасыз ететін қонудың жарық-техникалық жүйесі;

3) әуежайда орналасқан әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің, кедендік, шекаралық органдардың және санитарлық-карантиндік бақылау органдарының тіркеуіне, ресімдеуіне және тексеріс жүргізуіне окшауланған "ұшу", "қону" залдары, аса маңызды кісілерге (VIP) қызмет көрсету залы мен (CIP) бизнес-залы;

4) жолаушылардың кедендік декларациясын ресімдеуге арналған үй-жай;

5) жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді, қол жүгін әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметі және кеден органдары тексеретін кемінде екі арнайы техникалық құралмен жабдықталған, кем дегенде үш тексеріс тірегі. Бұл ретте арнайы техникалық жабдықтар әуе кемесімен тасымалдауға тыйым салынған барлық заттар мен бұйымдарды табуы тиіс;

6) төлқұжаттық бақылау үшін "ұшу", "қону" залдарында кемінде үш кабинадан және VIP пен CIP залдарында бір-бір кабинадан;

7) байланыс (сондай-ақ халықаралық) құралдарымен қамтамасыз етілген шекаралық, кеден органдарының "ұшу", "қону" залдарындағы жұмыс бөлмелері, азаматтардың арыздары мен өтініштерін таза аймақтан тыс қабылдау тіркеу үшін ішкі істер органдарының үй-жайлары және жұмыс бөлмелері. Бұл ретте, жұмыс бөлмелері мен үй-жайлар саны әуежайда орналастырылған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен, Кедендік бақылау агенттігімен, көліктегі ішкі істер органдарымен және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органымен келісіледі;

8) анықтама бюросымен (телефонмен), қалааралық (халықаралық) телефонмен, ұшып келетін және ұшып кететін әуе кемелері туралы ақпараттық

тақтамен жабдықталған, транзиттік (трансферлі) жолаушыларды орналастыруға арналған және тиісті санитарлық-тұрмыстық жағдайы бар бөлме;

9) өрт және күзет дабылымен жабдықталған қойма үй-жайлары, теңдеме жүкке, жүктерге (оның ішінде белгісіз жүктерге, теңдеме жүкке, почтаға, қол жүгіне) арналған сақтау камералары, сондай-ақ кеден бақылауындағы тауарларды уақытша сақтау қоймалары;

10) әуежайда орналасқан әуежай қызметтерінің шекаралық және кеден органдарымен, санитарлық-карантиндік бақылау қызметімен, ішкі істер органдарымен өзара іс-қимыл сызбалары мен технологиялық нұсқаулықтар;

11) сауда-сервистік және санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етілген таза аймақта жолаушыларды оқшауланған жинаушылар;

12) жолаушыларды аэровокзалдан әуе кемесіне дейін және кері жеткізуге арналған көлік құралдары;

13) жолаушыларды жеке тексеруді жүргізуі үшін, жалпы тексеру аймағында және шекаралық бақылау аймағында құжаттарды алдын ала оқып білу үшін кемінде екі-екіден оқшауланған үй-жайлар (кабиналар);

14) әуежайларда орналасқан кеден, шекара органдары, көліктегі ішкі істер органдары, санитарлық-карантиндік бақылау қызметі ауысымдарының демалуына арналған, байланыс құралдарымен, санитарлық-тұрмыс жағдайымен қамтамасыз етілген таза аймақтан тыс орналасқан қызметтік үй-жайлар;

15) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің келісімі бойынша санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен жабдықталған, жер аударылған, ұсталған азаматтарды орналастыру үшін оқшауланған үй-жайлар (оқшаулайтын);

16) арнайы қызметтік жануарларды ұстауға арналған үй-жайлар;

17) әуежайда орналасқан шекаралық, кедендік органдар, авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің және ішкі істер органдарының (кезекшілер) тексеру пункттері арасындағы селектрлі (дауыс зорайтатын) байланыс;

18) қажет болған жағдайда санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталған әуежай кемелеріне дезинфекция өткізу үшін алаң.

### **3. Халықаралық ұшуларды орындау үшін әуеайлақтардың ашылуы**

4. Халықаралық ұшулар үшін әуеайлақтың ашылуы мақсатында әуеайлақ (әуежай) иесі (пайдаланушы) уәкілетті органға алдын ала облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігімен келісілген өтінім береді. Ұсынылған өтінімнің негізінде әуеайлақтың (әуежайдың) осы Ереже талаптарына сәйкестігін зерттеу жүргізу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың

мамандарын тарта отырып, әуежайға Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қалыптастыратын мемлекеттік қабылдау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) жіберіледі.

Комиссия белгіленген тәртіппен әуеайлақтың осы Ереженің 3-тармағында көрсетілгендей әуежай қызметтерін, жабдықтар мен үй-жайларды күтілетін жағдайда қолданылып жүрген жарамдылық нормаларына сәйкестігін пайдалануға дайындығын тексереді және нәтижелері бойынша әуеайлақтың халықаралық ұшуды қамтамасыз етуге дайындығы туралы акт жасайды.

5. Халықаралық ұшуларды қамтамасыз етуге әуеайлақтың (әуежайдың) дайындығы туралы комиссияның актісі Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық ұшуларды орындауға арналған әуеайлақтарды ашу туралы шешім қабылдауы үшін жіберіледі. Халықаралық ұшулар үшін әуеайлақтар ашу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің, Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің бөлімшелері және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің органдары жұмысқа кіріседі .

6. Ішкі авиажелілерге қызмет көрсететін әуеайлақтар техникалық, мәжбүрлі қону және гуманитарлық рейстерді орындауға байланысты халықаралық ұшуларға, сондай-ақ мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қызмет көрсетуге жіберілуі мүмкін.

7. Халықаралық ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне арналған қосалқы әуеайлақтар халықаралық авиатасымалдауға қызмет көрсетуге жіберілген әуеайлақтар қатарынан белгіленеді.

8. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген халықаралық ұшуларға қызмет көрсетуге әуеайлақтың жіберілуін мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.